



Майдангердің өнегелі өмірі

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы адам баласы тарихындағы соғыстар ішіндегі ең сұрапылы болғаны айғақ

Сол соғыста әкелеріміз жан қиярлық ерліктер көрсетті. Бұл Совет үкіметі елінің қиын күндеріне сәйкес келді. 1921, 1931 жылдардағы аштықтар, өнеркәсіптің әлі толық қалыптаспаған кезі еді. Оның үстіне соғысқа дейінгі саяси репрессия, әсіресе 1937 жылғы жаппай ату. Бірнеше жылда атылған 900 мыңдай адамның 600 мыңнан астамы сол бір 1937 жылы құрбан болған. Сол уақытта қызыл әскерді де жаңа қарумен жабдықтамақшы болатын. Осыларға қарамастан соғыстың басынан-ақ, қарапайым жауынгерлер ерлік көрсете білді. Мұндай қарсылықты неміс басқыншылары жаулап алған Европа елдерінде көрмеген еді. Оған Белоруссияның Брест қорғаны сияқты бекіністер, Балтық пен Қара теңіз аралығындағы майдан шебіндегі кескілескен ұрыстар куә.

Сол миллиондаған жауынгерлердің бірі болған

әкеміз Мендіқараның Кеңарал елінің тумасы Бекмухамбетов Зұлқарнай. Ол әскерге 1939 жылы алынып Златоуст қаласы арқылы елдің батыс бөлігінде жүргенде Алексеевка қаласында соғысты бастайды. Бұл Батыс майданының Воронеж бағытында болатын. 1942 жылғы екінші жарасы ауыр болады да 9 айдай Орелде, Қазақстанның Жамбыл әскери ауруханасында, одан еліне келіп жарасын жазады. 1943 жылы қайтадан майданға аттанып 2-ші гвардия танк бригадасының құрамында болады. Солай ауыр шайқастармен Смоленскіні, Воронежді, Орлов облысын, Литваны азат етеді. Жеңісті Берлиннің түбінде қарсы алады. Көрсеткен ерліктері үшін «За отвагу», «За Победу над Германией в Великой Отечественной войне» тағы басқа медальдар мен Бас қолбасшының Алғы хаттарын алады. 1945 жылы өз елі Кеңаралға келіп ауылшаруашылығында



үзбей еңбек етіп, 1975 жылы зейнетке шығады. Әкеміз 2008 жылы 94 жасқа

қараған шағында ширақ күйінде дүниеден өтті. Халықтың соның

ішінде қазақ халқының руының биік те берік, имандылығының жоғары болғанының себебі ол ерте тарихтан келе жатқан салт-дәстүрінің негізінде туған қасиет. Оған да дәлел әкеміз Зұлқарнай, анамыз Запураның өмірлері. Олар сол ашаршылық жайлаған 1933 жылы қосылып үй болады. Уақыт қиыншылығына қарамай әкесінің немере ағасы Құлмухамбет қартты қолына алып бағады. Оның үстіне өз шешесі Дойыр, енесі Айқын, немере ағасы Нұрсұлтаннның енесін үш қарт кісіні қолға алады. Одан соң өз ағасы Нұрхан 26 жасында қайтқан соң оның 1935 жылы туған қызы Камалды үш жасында бауырларына басады. Одан кейін жиендері апалы-інілі Шәкітай мен Саятайды да қолға алады. Шәкітайды өсіріп қолдарынан ұзатады. Саятайды Қостанайдың техникумында мал дәрігері мамандығына оқытады, бірақ ол оқып жүріп 1952 жылы қайтыс бола-

ды. Камалды да жеткізіп тұрмысқа береді, ол 10 баланың анасы атанып балаларын жеткізді. Бертін келе 1988 жылы туған әкесінің інісі Нұрсұлтан көзі көрмей қалғанда 17 жыл қарасты. Өз ағасы Нұрыш ауырып кем болып қалғанда да шөбін шауып, отынын дайындап беріп отырды.

Әкеміз Зұлқарнай мен анамыз Запура өздері де үш қыз, төрт ер баланы тәрбиелеп, өсіріп жеткізді. Сондағы айтайын деген ойымыз қазіргі тыныш, молшылық заманның көзқарасымен қарағанда әке-шешеміз аш-жалаңаш, жоқшылық, үкіметтің теріс саясаты кезінде де қазақ халқының терең түсінікті, өміршең салт-дәстүрінің арқасында жетімін жылатпай, бір-біріне қамқор бола біліп осындай Тәуелсіздік заманға жетті.

Қыздары
Алма СЕЙДАХМЕТОВА,
Жанкей
БЕКМУХАМБЕТОВА